



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ЖЕҢІС ЖАЛАУЫ ТУРАЛЫ ПАЙЫМДАУЛАР (1945-1960)

Шойбекова Айым Сламғалиевна

aiymshoibekova@mail.ru

Гуманитарлық ғылымдар магистрі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
тарих факультетінің оқытушысы, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекші- К. Исакова

Табаны күректей төрт жыл бойы ғаламат күш-қайрат көрсеткен және сұрапыл шығындарға ұшыраған біздің еліміз фашистік Германияның қуатты әскери машинасын тасталқан етті. Төрт жыл бойы соғыс қырғыны Отан қорғаушылардың қатарын селдіреткені, ал мұның өзі қалалармен ауыл селоларға «қаралы қағаз» болып жетіп, жесірлердің көз жасына айналып жатқаны да кешегі ақиқат. Төрт жыл бойы өз басының қамын ойламаған тылдағы еңбеккерлер майданға әскери өнімдерді эшелондап жіберіп жатты. «Біз фашизмнің омыртқасын опырамыз!» - деп ант берді жауынгерлер 41-ші жылы. «Фашистік жыртқыштарды өз інінде құртамыз!» деді олар 45-ші жылы. Сөйтіп олар өз серттерін орындады.

1418 күнге созылған Ұлы Отан соғысы – Кеңес мемлекетінің, сонымен қатар Қазақстанның тарихында өте күрделі кезеңдердің бірі.

Ұлы Отан соғысы кеңес Одағының халықтары, соның ішінде қазақ халқы үшін үлкен сынақ болды. Әйгілі қолбасшы, соғыс батыры Бауыржан Момышұлы «Соғыс қазақ халқының тарихын күрт өзгерткен, бұрылыс әкелген, миллиондаған отандастарымыздың арасында өшпес із, жазылмас жара қалдырды» дей отырып, ол «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында» тек біздің замандастарымыз ғана емес, адамгершілік, игілік сезімдер тұрғысынан болашақты да толғандыратын тақырып» деп өз ойын жалғастырады.

Бұл тақырып халық өмірімен, тағдырымен тығыз байланысымен, тереңдігімен ерекшеленетін болғандықтан бүгінгі тарихтың да, болашақтың да күн тәртібінен ешкім де алып тастай алмайтын, ешқандай оқиғалар мен күтпеген жағдайлар әсерін тигізе алмайтын тақырыпқа жатады. Соғыс аяқталғаннан бері арада көп уақыт өтсе де, тақырып қазіргі замандастарымыздың жадында жаңғыртып, сезімдерін толқытады.

Осы соғыста ерлікпен шайқасқан жерлестеріміз баршылық. Жалпы, Кеңес Одағының Батыры атағын алған қазақстандықтардың саны – 500. Ал, көптеген қазақ жауынгерлерінің ерліктері ескерусіз қалғандары да бар еді. Солардың бірі – Р.Қошқарбаев.

Рейхстаг – Германия фашизмінің мемлекеттік басты үйі. XIX ғасырдың аяғында Рейхстаг – неміс парламенті – герман мемлекетінің негізгі символына айналды. Оны алу соғыстың аяқталғанын білдіреді. Үшінші рейхтың ұясы болған түсі суық сұрғылт ғимарат кайзер Вильгельм I тікелей араласуымен 1884 жылдың 29 маусымында парламент үйі ретінде салына бастаған. Оның құрылысы 10 жыл бойы жүріп, тек кайзер Вильгельм II тұсында ғана мәресіне жетті. Аталған ғимаратқа ту тігу – бес жылға созылған қанды қырғынның соңғы нүктесін қою деген сөз. Негізі, Жеңіс жалауы тоғыз болатын. Степан Неустроев өзінің естелігінде Жеңіс тулары туралы: «22 сәуір күні Әскери кеңестің шешімімен 3-ші соққы армияның әрбір дивизиясына қызыл жалау берілді. Сол жалаулардың біреуі рейхстагтың төбесіне орнатылу керек болатын. Әскери кеңес осындай шешімді қабылдау барысында әрбір әскердің арасында жарыс жүретінін және ол саяси рухты көтеретінін ескерді. Ал, тоғыз жалаудың қайсысы Жеңіс туы болатынын шайқас кезінде шешілу тиіс болатын. Жалаулардың барлығы нөмірленген» [1, 106 б.], делінген.

Ата бабаларымыз соғысқа аттанғанда өздерінің кім екендігін білдіретін Жалаулары болған. Жалау сөзі негізінен «Флаг» термині «vlag» деген нидерланд сөзінен шыққан және

белгіленген көлем мен түстегі, әдетте елтаңба немесе эмблема түрінде бейнеленген, дiңгекке немесе бауға бекітілген мата ұғымын білдіреді. 5 жылға созылған Ұлы Отан соғысына Жеңіс жалауын тігіп, нүкте қою ерекше маңызды сәт еді.

Степан Неустроев 1 мамыр күнінің түнінде Рейхстагқа 79-шы атқыштар корпусының В.Давыдов пен Самсоновтың батальондарының жауынгерлері кіргенін және әрқайсысы Жеңіс жалауын тіккілері келгендіктерін айтқан. Және жалауды тіккен батырлардың есімдерін атаған: «Жалауды 674-ші полктен лейтенант Р.Қошқарбаев пен қатардағы жауынгер Г.Булатов, 1-ші батальонның 380-ші полкінен кіші сержант Е.Еремін мен қатардағы жауынгер Г.Савенко, 525-ші полктен сержант П.Смирнов пен қатардағы жауынгерлер Н.Беленков, Л.Сомов, 86-шы ауыр артиллериялық бригададан сержант Б.Япаров тікті» [1, 152 б.]

Соғыс аяқталғаннан кейін 3-ші соққы армиясының саяси бөлімі мен 1-ші Белорус фронтының саяси басқармасы Рейхстагқа кім жеңіс жалауын тікті деген сұрақтың жауабын бір жыл талқылады. «Жау апанына кім бұрын жетсе, сол ту тігеді және сол жауынгер ғана ел аузындағы батыр атанады», деген сөздер айтылған күйінде қалды. Туды кім тігеді, олар қай ұлттан болады деген мәселе бірінші орында тұрды. Жоғарғы Бас қолбасшының бұйрығымен нөмірленген ту, тізімделген жауынгер болмаса, басқасы есепке алынбады. Негізі «Рейхстагқа бірінші жеткен жауынгерлердің бәріне Батыр атағы беріледі» делінген, бірақ кейін бұл сөздер де ұмытылды. Ақыры, 1946 жылдың 8 мамырында марапаттау туралы Жарлық шықты. Осы Жарлықтың толық мазмұнын көрсетсек:

«КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумының Жарлығы

КСРО Қорғаныс Күшінің офицерлік пен сержанттық құрамына Берлиндегі Рейхстагтың төбесіне Жеңіс Жалауын тіккендерге Кеңес Одағының Батыр атағын беру туралы

Кеңес Одағының Батыр атағын Ленин ордені мен «Қызыл жұлдыз» наградасымен бірге марапаттау

1. Капитан Давыдов Василий Иннокентьевич
2. Сержант Егоров Михаил Алексейович
3. Кіші сержант Кантария Мелитон Варламович
4. Капитан Неустроев Степан Андреевич
5. Жоғары лейтенант Самсонов Константин Якович

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының

төрағасы Н.Шверник

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының

хатшысы А.Горкин

Москва. Кремль. 1946 жылдың 8 мамыры» [1, 152 б.].

Бірақ, бұл тізімдердің ішінде Р.Қошқарбаев пен Г.Булатов жоқ еді. Себебі, Берлинді алуда да, Рейхстагқа ту тігуде де саясат жұмыс істеді [2, 128 б.].

Жеңіс жалауын тіккен М.Егоров пен М.Кантария десе де, сол оқиғаның куәсі болғандар көп еді және олар да тарихи әділеттілікті сәті келгенде айтып жүрді. В.М.Шатилов өзінің естелігінде Жеңіс жалауы қарсыластар біраз басылған кезде, түнгі сағат 22.50 орнағаны туралы айтады: «Әрине, қандай мақсатқа болсын жету қиын, бірақ алдағы кедергілер әртүрлі болады. Сондықтан Р.Қошқарбаев пен Г.Булатовқа кездескен кедергілерді Кантария мен Егоровтың кедергілерімен салыстыруға болмайды. Күндіз, фашистердің тура алдында жасаған ерлікпен, түнде Рейхстаг фашистерден тазартылғаннан кейінгі ерлікті салыстыруға болмайды. Екеуі жер мен көктей еді» – делінген.

Осы ерлікті дәлелдейтін алғашқы фактілердің бірі – сол кезде әскери газеттерде шыққан мақалалар еді. Жеңіс жалауы тігілгені туралы дивизияның «Воин родины» газетінде 1945 жылы 3 мамыр күнінде былай деп жазылды:

«Отанымыз батырлар есімін зор құрметпен атайды. Олардың асқан ерлігін мадақтап талай кітап жазылар, өлең шығарылар. Гитлеризм орталығына олар жеңіс туын тікті.

Ерлер есімін есте сақтайық: лейтенант Рахымжан Қошқарбаев, қызыл әскер Григорий Булатов. Олармен тізе қосып, Провоторов Лысенко, Орешко, Пачковский, Бреховский, Сорокин дер алысты.

Олардың ерлігін Отан ешқашан да ұмытпайды» [3, 64 б.].

Осы газеттің 16 қыркүйегіндегі (1945 жыл) санында: «Рейхстагқа алдымен жетіп, оның майданшасына жалау тіккендер: лейтенант Қошқарбаев пен қызыл әскер Булатов. Күмбезіне Жеңіс Туын қадағандар: Егоров пен Кантария. Сондай-ақ Рейхстагқа өз жауынгерлерімен бірге алдыңғы лекте лап қойғандар: Сцянов, Грищенко, Неустроев, Давыдов, Логвиненко» - деп нақтылады [4, 6 б.].

Бұл деректі осы операцияға өз көздерімен куә болғандар белгілі қаламгер Б.Горбатов («Литературная газета», 18.12.1948), В.Субботин («Уральский современник» - №10, 1947, «Крым», №2, 1948, «Дружные ребята» - №5, 1948, «Советский воин», №9, 1949), әскери суретші П.Кричевский («Комсомольская правда», 09.05.1962, «Литературная газета» - 28.04.1999), әскери кинооператор Р.Кармен («Казахстанская правда» - 08.05.1949) де растайды [4, 6 б.].

Бұл оқиғаның 1 жылдығына байланысты Германияда Кеңестік әскерлер тобының штабы ұйымдастырған ғылыми конференцияда генерал-полковник Малинин өз баяндамасында, генералдар Переверткин, Шатилов, сержанттар Егоров, Кантариялармен бірге лейтенант Қошқарбаевтың да Рейхстаг шайқасында ерлікпен көзге түскендігін айрықша атап өтеді. Бұл туралы «Красная звезда» газетінің 1946 жылғы 30 сәуіріндегі санындағы «Тарихи шайқас» атты мақаладан оқуға болады.

Субботин өзінің Соғыс қалай аяқталды деген еңбегінде «Рейхстаг күмбезіне жеңіс туын Егоров пен Кантария тікті. Бірақ өзге де жалау мен тулар болды ғой. Мен тағы өзім білетін жүректі жігіттер рейхстагқа апарып тіккен. Ол лейтенант Р.Қошқарбаев пен Г.Булатов еді. Егоров пен Кантария тіккен ту күмбез үстінде желбіресе, бұлардыкі үлкен бір мұнара жақтауында тұрды [3, 62 б.].

Сонымен қатар, Василий Субботин «У стен Рейхстага», «Знамя победы», «День тысяча четыреста десятый» деген очерктерінде де Р.Қошқарбаевтың Рейхстагқа ту тігуін тәптіштеп, зор құрметпен, ыстық ықыласпен жазған [5, 5 б.].

Өз елімізде Р.Қошқарбаевтың ерлігін зерттеген Кәкімжан Қазыбаевтың мақаласы 1958 жылы 21 ақпанда «Лениншіл жас» газетінде «Рейхстагқа ту тікен қазақ» деген құжаттық очеркі жарық көрді. Кейін аталған журналистпен 1963 жылы неміс журналисі Карл Кокошко кездесіп, 1945 жылы мамыр айында антифашистердің шығарған бір листовканы көрсетеді. Листовканың жазылу мақсаты антифашистер Совет Армиясының жеңісін тезірек неміс халқына жеткізу. Әсіресе, Берлинде бұл жұмыс мейлінше қарқынды жүргізілді. Листовкада рейхстагты алғаш кімдердің алғына жазылыпты. Онда:

«Ұмытылмас фактілер. Рейхстагқа бірінші болып лейтенант Қошқарбаев және қызыл әскер Булатов жетті, олар жеңіс жалауын тікті. Ал рейхстагтың үстіне жеңіс туын тіккен Егоров пен Кантария. Рейхстагтың ішіне біріншілердің қатарында басып кірген Сцяновтың, Грищенконың, Неустроевтың, Давыдовтың, Логвиненконың әскерлері», - делінген.

Бұл листовкадағы мәтін «Воин Родины» атты дивизия газетінің 1945 жылғы 3 мамырдағы нөмірінде жарияланған. Яғни, газет антифашистердің қолына түскен, олар неміс тіліне аударып, жеке листовка етіп шығарған.

Осы фактілерді тізбектей келе Р.Қошқарбаевтың бұл ерлігі соғыстан кейінгі жылдары ресми мойындалмаса да, барша жұртшылықтың есінде қалғанын дәлелдейді. Және осы фактілердің негізінде Р.Қошқарбаевтың ерлігі бүгінгі таңда ерекше әрге ие болғанын, атап өтуге болады. Мәселен, Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың араласуымен Р.Қошқарбаевқа 1999 жылы 7 мамырда Қазақстан Республикасының жоғарғы «Халық қаһарманы» атағы берілді.

2005 жылы Алматы қаласы әкімінің кеңесшісі, т.ғ.к. Болат Асановтың құжаттарының негізінде Ресей Федерациясының Президенті В.Путин Р.Қошқарбаевтың ерлігін ресми түрде мойындады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Неустроев С.А. Русский солдат: Путь к рейхстагу. – Екатеринбург: институт Урал, 1996. 208 с.
2. Қазақ жауынгері Ұлы Отан соғысы майданында. (Тарихи-құжаттық зерттеу). – Алматы: Өнер, 2010. 640 б.
3. Субботин В.Е. Соғыс қалай аяқталған еді. – Алматы: Жазушы, 1972, 224 б.
4. Жанайбекова А. Ұлы жеңістің ерекше оқиғасы // Отан сақшысы. №22 (4912), 20 мамыр, 2000 . Б. 6.
5. Қабышұлы Ғ. Рахаң // Жас Алаш 2010. 12 мамыр № 37, Б.5.
6. Қошқарбаев Р. Жеңіс жалауы. Естелік. – Алматы, 1978. 168 б.
7. Ұлы Жеңіс: жаңа көзқарастар және қадамдар – Жеңістің 65-жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана, 2010, 356 б.
8. Рейхстагқа ту тіккен Рахымжан Қошқарбаев: Естеліктерді құрастырып, алғы сөзін жазған О.Темірханов. – Алматы: Жібек жолы, 2005 жыл, 216 б.
9. Асанов Б.К., Ким С.Е. Знамя Победы. Запоздалая правда. – Алматы: Агенство «Маматай», 2008. 136 с.